ҚАЗАҚСТАН РЕСУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері
ГАЗ ТУРБИНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ОТЫННЫҢ ТЕРМОТОТЫҚТЫРҒЫШ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ
JFTOT әдісі

Нефтепродукты
ОПРЕДЕЛЕНИЕ ТЕРМООКИСЛИТЕЛЬНОЙ СТАБИЛЬНОСТИ ТОПЛИВ ДЛЯ ГАЗОВЫХ ТУРБИН
Метод JFTOT

ҚР СТ GB/T 9169–2013

GB/T 9169 - 2010 Standard test method for thermal oxidation stability of aviation turbine fuels – JFTOT procedure, (IDT)

Ресми басылым

Осы ұлттық стандарт Қытай мұнай және химия ғылымы ғылыми-зерттеу институтымен әзірленген GB/T 9169 - 2010 Standard test method for thermal oxidation stability of aviation turbine fuels – JFTOT procedure (Авиациялық турбиналық отынның термототықтырғыш тұрақтылығын анықтау әдісі) негізделген, Қытай Халық Республикасының мұнай өнімдері мен майлау материалдары бойынша Техникалық Комитетінің құзіретінде. «Chinaoil (Hong Kong) Corporation LTD» рұқсатымен басылып шығады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері

ГАЗ ТУРБИНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ОТЫННЫҢ ТЕРМОТОТЫҚТЫРҒЫШ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ JFTOT әдісі

ҚР СТ GB/T 9169–2013

GB/T 9169 - 2010 Standard test method for thermal oxidation stability of aviation turbine fuels – JFTOT procedure, (IDT)

Ресми басылым

Осы ұлттық стандарт Қытай мұнай және химия ғылымы ғылыми-зерттеу институтымен әзірленген GB/T 9169 - 2010 Standard test method for thermal oxidation stability of aviation turbine fuels – JFTOT procedure (Авиациялық турбиналық отынның термототықтырғыш тұрақтылығын анықтау әдісі) негізделген, Қытай Халық Республикасының мұнай өнімдері мен майлау материалдары бойынша Техникалық Комитетінің құзіретінде. «Chinaoil (Hong Kong) Corporation LTD» рұқсатымен басылып шығады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамы **ӘЗІРЛЕП**

«Мұнай, газ, олардан қайта өңделген өнімдер, мұнай, мұнай-химиялық және газ өнеркәсібіне арналған материалдар, жабдық мен имараттар» № 58 стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы 28 қарашадағы № 548-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Қытай мұнай және химия ғылымы ғылыми-зерттеу институтымен әзірленген GB/T 9169 - 2010 Standard test method for thermal oxidation stability of aviation turbine fuels – JFTOT procedure (Авиациялық турбиналық отынның термототықтырғыш тұрақтылығын анықтау әдісі) негізделген, Қытай Халық Республикасының мұнай өнімдері мен майлау материалдары жөніндегі Техникалық комитетінің құзіретінде. «Chinaoil (Hong Kong) Corporation LTD» рұқсатымен басылып шығады.

Америка ұлттық стандартының ресми басылымында келтірілген жеке ұғымдар, терминдер мемлекеттік және орыс тіліндегі қағидаларды және қабылданған терминологияны сақтау мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құрылымындағы ерекшеліктерге байланысты синоним сөздермен өзгертілген немесе ауыстырылған.

Мемлекеттік (мемлекетаралық) стандарттардың халықаралық сілтемелік стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер қосалқы Д.А қосымшасында берілген.

Қытай тілінен (cn) аударылды.

Сәйкестік дәрежесі – (IDT).

4 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2018 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	1
4	Әдістің мәні	2
5	Қондырғы	3
6	Реактивтер мен материалдар	3
7	Сынаманы таңда	6
8	Сынақты өткізу шарттары	6
9	Қондырғыны дайындау	6
10	Қондырғыны тексеру	8
11	Сынауды өткізу	8
12	Жылытқыш түтігін бағалау	10
13	Сынау хаттамасы	10
14	Дәлме-дәлдік және ауытқу	11
	А қосымшасы	12
	В қосымшасы	14
	С қосымшасы	18
	D қосымшасы	25
	Е қосымшасы	27
	F қосымшасы	30
	Библиография	31
	Д.А қосымшасы	32

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері
ГАЗ ТУРБИНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ОТЫННЫҢ ТЕРМОТОТЫҚТЫРҒЫШ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ
JFTOT әдісі

Енгізілген күні 2014-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт газ турбиналарына арналған авиациялық отынға және авиациялық бензинге таралады және ыдыраған өнімнің отын жүйелерінде қабаттануына отынның бейімділігін анықтау әдісін белгілейді.

1-ЕСКЕРТПЕ – Осы стандартта реактив ретінде пайдаланылатын сынап орталық жүйке жүйесін, өкпені, бауырды зақымдайтын қауіпті материал болып табылады. Сынап және оның булары денсаулық үшін зиянды және материалдар үшін тотықтырғыш болып табылады. Сынап немесе құрамында сынап бар материалдарды аса сақтықпен пайдалану қажет.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың соңғы басылымы қолданылады (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда).

GB 6537 - 2006 Джет авиациялық отыны;

GB/T 4756 - 1998 Сұйық мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен іріктеу;

GB/T 6062 – 2009 Өнімдердің геометриялық сипаттамалары (GPS). Бет құрылымы. Профильдік әдіс. Қосылған аспаптардың номиналды сипаттамалары;

GB/T 10610 - 2009 Өнімдердің геометриялық сипаттамалары (GPS). Бет құрылымы. Профильдік әдіс. Құрылымды анықтау және параметрлері;

GJB 560A Авиациялық отындардың тұтануының ең жоғары температурасын анықтау;

GJB 2376 Авиациялық отынды пайдаланудағы қауіпсіздік талаптары

2-ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіші және ағымдағы жылда жарияланған ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіші бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты басып шығару кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер, анықтамалар және белгіленулер

3.1 Осы стандартта сәйкес келетін анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1.1 Шөгінді (deposits): Жылытқыш түтік беттерінде пайда блатын және/немесе дәлме-дәл сүзгіде тұнатын тотығу өнімі.

3-ЕСКЕРТПЕ – Отын шөгіндісі, әдетте, 30-дан 50 мм дейін кесікте жылытқыш түтігінің ең ыстық бөлігінде түзіледі.

3.1.2 Жылытқыш түтігі (heater tube): Үстінен сыналатын отынды соратын, жоғары температурамен бақыланатын алюминийден жасалған түтік кесігі.

4-ЕСКЕРТПЕ – Түтік резисторлық қыздырғыш көмегімен қыздырылады және температура түтік ішіне салынған термопарамен бақыланады. Сынақ түтігінің критикалық ауданы – түтік иіндерінің арасындағы ұзындығы 60 мм ең жұқа бөлігі. Отынды түтікке енгізу «0 мм» бағытында, ал отынды шығару - «60 мм».

3.1.3 Жалпы заңдылықтан ауытқыған: «Құбылмалы» емес және колориметрлік стандарт түстуріне ұқсамайтын түтіктегі қабаттанудың түсі.

5-ЕСКЕРТПЕ Бұл колориметрлік стандарттарға сәйкес емес көк (көкшіл) және сұр түстер сияқты қабаттану түстеріне қатысты.

3.1.4 «Құбылмалы» (қырғауыл құйрығы): Түтіктегі кемпірқосақ секілді түрлі түсті қабаттану.

6-ЕСКЕРТПЕ Бұл қабаттану түрі қабаттану қалыңдығы көрінетін жарық толқыны ұзындығының төрттен бір бөлігінен асса интерференция әсері салдарынан пайда болады.

3.1.5 Қыздырғыш түтігін бағалау әрбір нөмір үшін 0-ден > 4 дейін аралық деңгейлерімен, сонымен бірге бірден бастап әрбір деңгей нөмері келесіден кіші болатын 10 жеке бөліктен тұратын шкала арқылы жүргізіледі.

7-ЕСКЕРТПЕ Шкала АСТМ колориметлік стандарты бойынша 5 түстің ішінен: 0; 1; 2; 3; 4 алынған.

8-ЕСКЕРТПЕ Толық шкала 0, < 1,1, < 2,2, < 3,3, < 4,4, > 4 құрайды. Әрбір бөлік бірдей абсолют өлшемді болуы міндетті емес. Нөмір ұлағайғанына байланысты қабат түсі күңгірт болады.

3.2 Осы стандартта келесі белгілену қолданылады:

3.2.1 ΔР – қысымның айырмасы.

4 Әдістің мәні

4.1 Жоғары температура жағдайында газ турбиналы отын үшін отынның термиялық тотықтырғыш тұрақтылығын бағалау үшін реактивті отындарды термиялық тотықтырғышқа сынауға арналған қондырғыны қолданады, мұнда сыналатын отын газ турбиналы отынның отын жүйесінде туатын жағдайға жақын жағдай әсеріне түседі. Отын қыздырғыш арқылы берілген тұрақты көлемдік жылдамдықпен тартылады, сосын отынның ыдыраған өнімін ұстайтын тот баспайтын болаттан жасалған дәлме-дәл сүзгіге түседі.

4.1.1 2,5 сағаттық сынақ үшін бұл қондырғыға 450 $см^3$ отын қажет. Бағаланатын көрсеткіш қыздырғыштың алюминий түтігіндегі тұнба мөлшері және тікелей қыздырғыш түтігінде орналасқан, 17 мкм номиналды кеуектікпен дәлме-дәл сүзгіні толтыру жылдамдығы болып табылады.

5 Қондырғы

5.1 Газ турбиналы қозғалтқыштар үшін термототықтырғыш тұрақтылығына авиациялық отынды сынау үшін 1-кестеде келтірілген алты қондырғы моделін қолдануға болады.

1-кесте – Құралдар моделдері

Модель	Қысымды жасау	Қағида	Қысым айырмасын өлшеу
202	Азот	тегершікті	Сынапты манометр, жазусыз
203	Азот	тегершікті	Манометр + графикалық жазба
215	Азот	тегершікті	Бергіш + принтердегі жазба
230	Гидравлика	Шприц	Бергіш + басып шығару
240	Гидравлика	Шприц	Бергіш + басып шығару
230 Мк III	Гидравлика	Қос плунжер (HPLC типі)	Бергіш + басып шығару

5.1.1 Әдістің жеке сатылары автоматтандырылады. Толық мәліметтер құралдың моделіне сәйкес келетін пайдаланушыға арналған нұсқаулықта келтірілген.

9-ЕСКЕРТПЕ – Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғымен жұмысқа кірісу алдында барлық түйіндермен және олардың міндеттерімен танысу қажет.

5.1.2 Жаңғыртылған және дұрыс нәтижелерге қол жеткізу үшін 2-кестеде келтірілген термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының белгілі жұмыс сипаттамалары өте маңызды.

5.2 Қыздырғыш түтігінде пайда болатын қабаттарды бағалау үшін пайдаланылатын құрал.

5.2.1 Тубератор, түтікті көзбен бағалау үшін арналған құрал (А.1 қосымшасын қараңыз).

5.3 Реактивті отынның тұрақтылығын белгілі бір қондырғыны пайдаланумен байланысқан осы әдіспен ғана анықтағандықтан, тек осы әдісті әзірлеуде пайдаланылған немесе оған балама қондырғымен ғана өткізуге болады.

2-кесте - Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының критикалық жұмыс сипаттамалары

Бағыты	Сипаттамасы
Сынаққа арналған аппаратура	Түтікшелі жылу алмастырғыш (1-суретті қараңыз)
Сынақ түтігі: Қыздырғыш түтігі	Әр сынақ үшін жаңа, сынақ беттерінің температурасымен бақыланатын арнайы жасалған алюминий түтік Электронды жазушы құрал, мысалы радиожиілік идентификациялы құрал, жылытқыш түтіктің тойтару соңына орнатылуы мүмкін.

2-кесте – *(жалғасы)*

Бағыты	**Сипаттамасы**	
түтікті сәйкестендіру	Қыздырғыштың әр түтігі бастапқы материал топтамасының бақылаушылығын қамтамасыз ететін, дайындаушымен иеленген оның сериялық нөмірі бойынша сәйкестендіріле алады, ол топтаманың бақылануын қамтамасыз етеді. Ақпарат электронды тіркеуіш құралында сақтала алады, мысалы жылытқыш түтіктің тойтару соңына орнатылған радиожиілік идентификациялы құрал	
Түтік материалы	Мынадай критерийлерге жауап беретін 6061-Т6 маркасындағы алюминий: a) Mg:Si арақатынасы- 1,9:1 артық емес b) Mg_2Si мөлшері- 1,85 % артық емес	
Түтік параметрлері: түтік ұзындығы, мм рталық кесінді ұзындығы, мм	Мәні 161,925 60,325	Шақтама ± 0,254 ±0,051
сыртқы диаметрлері, мм: иіндері Орталық кесіндісі Ішкі диаметрі	 4,724 3,175 1,651	 ± 0,025 ±0,051 ±0,051
Индикатор ағынының жалпы ауытқуы, мм, артық емес	0,013	
Беттердің механикалық кедір-бұдырлығы, нм, артық емес, ИСО 3274 сәйкес	50±20	
Дәлме-дәл сүзгі	Отынның ыдыраған өнімін ұстайтын17 мкм кеуектілікпен тот баспайтын болаттан жасалған сүзгіш элемент, әр сынақ үшін жаңадан жасалады.	

2-кесте – *(жалғасы)*

Бағыты	Сипаттамасы
Аппарат параметрлері: Сынама көлемі	600 $см^3$ сынаманы ауаландырады, бұдан кейін осы отынмен піспекке кеңістікті қалдыра отырып резервуарды толтырады, сынау мерзімінде (450 ± 45) $см^3$ сору қажет.
ауаландыру жылдамдығы	1,5 $дм^3$/мин құрғақ ауаны таратқыш арқылы
сынау уақытындағы ағын жылдамдығы	3,0 $см^3$/мин ± 10 % (2,7-ден 3,3 $см^3$/мин дейін)
айдау механизмі	Ықтиярсыз: тегершікті сорғы немесе сорап
салқындату	Қыздырғыш түтігінің тұрақты температуралық профилі, сынаған кезде шина арқылы өтетін, салқындататын сұйықтықпен ұсталады.
Термопара (ТС)	Иконельден жасалған тоқымадағы немесе қаптағы J типі немесе иконельден жасалған қаптағы К типі
Жұмыс қысымы: жүйе	3,45 МПа+ 10 %: қысымды арттыруға инертті газды (азотты) немесе гидравликалық беру жолымен қол жеткізеді және бақылау клапанымен шығыста шектеледі.
дәлме-дәл сүзгіде	Қысым айырмасы ΔР сынапты манометр немесе электрондық түрлендіргіш көмегімен дәлме-дәл сүзгі беттерінде өлшенеді, мм сынап бағанасы
Жұмыс температурасы: сынау үшін	Температура мәні отынға арналған спецификация бойынша белгіленеді.
температураны ұстау дәлдігі	Берілген температурадан ең жоғары ауытқу - ± 2 °С
тексеру	Таза қалайы - 232 °С тек 230 және 240 модельдері үшін ғана; Таза қорғасын - 327 °С – жоғары температура үшін; мұз+ су – төмен температура үшін

6 Реактивтер және материалдар

6.1 Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының 230 және 240 моделдері үшін қажетті жағдайда, резервуардағы сынамадан босатылған тазартылған (дұрысы) немесе иондалмаған суды қолданады.

6.2 Тазалау үшін қарапайым еріткіш ретінде метилпентан, 2,2,4 триметилпентан немесе н-гептанды (95 % мол. төмен емес тазалықтағы техникалық сұрып) қолданады. Бұл еріткіш сынау алдында аппаратураның ішкі металл беттерін, әсіресе, жаңа үлгімен байланысатын сынақ секциясының алдында беттерді тиімді тазартады.

10-ЕСКЕРТПЕ Өте тұтанғыш. Демді жұтқанда зиян (D қосымшасын қараңыз).

6.2.1 Үш еріткішті (тең бөліктерде ацетон, толуол, изопропанол қоспасы) сынақ секциясының ішкі (жұмыс) беттері үшін ғана еріткіш ретінде қолданады.

11-ЕСКЕРТПЕ Ацетон өте тұтанғыш, булары өрт себебі болуы мүмкін; толуол мен изопропанол тұтанғыш. Барлық үш еріткіштің буы зиянды. Терінің, көздің, шырышты қабықшаны тітіркендіреді.

6.3 Ауаландыру үшін (ауаландыру кептіргішінде) ауаны кептіруші ретінде 97 % кальций сульфатынан + 3 % кобальт хлориді арақатынасындағы қоспалардан тұратын түйіршіктерді қолданады. Түйіршіктелген кептіргіш біртіндеп судың жұтылу дәрежесін көрсететін көгілдір түстен қызғылт түске дейін өзгереді.

12-ЕСКЕРТПЕ Абайлаңыз. Дем жұту немесе тозаңды жұту асқазанның бұзылуына әкеледі.

7 Сынаманы таңдау

7.1 Сынау үшін сынаманы таңдауды GB/T 4756 сәйкес өткізеді. Сынаманы таңдау үшін қандай да бір дымқылдың тиюін болдырмай құрғақ және таза құралдарды таңдаған жөн.

8 Сынақты өткізу шарттары

8.1 Отын мөлшері– сынау үшін 450 $см^3$ кем емес және жүйе үшін шамамен 50 $см^3$.

8.2 1000 $см^3$ артық емес отын үлгісін жалпы қолданыстағы күлсіз сүзгіш қағаздың бір қабаты арқылы сүзеді, содан кейін диаметрі 12 мм, борсиликатты шыныдан жасалған ауаны беру үшін түтікті қолданып 6 минут ішінде1,5 $дм^3$/мин жылдамдықпен ауамен ауаландыруды өткізеді.

8.3 Отын жүйесінде қысымды 3,45 МПа ± 0,345 МПа дейін өлшеу ауқымы бар манометрмен өлшейді.

8.4 Термопара күйі - 39 мм деңгейінде.

8.5 Отын жүйесін алдын ала тазалайтын сүзгі – 0,45 мкм кеуектілікпен сүзгіш қағаз.

8.6 Жылытқыш түтігінің температурасын сыналатын отынға арналған спецификация бойынша алдын ала белгілейді.

8.7 Отын ағынының жылдамдығы - 3,0 $см^3$/мин ± 10%.

8.8 Сынақ уақытында тартылатын отынның ең аз мөлшері 405 $см^3$ құрайды.

8.9 Сынау ұзақтығы - (150 ± 2) мин.

8.10 Салқындатушы сұйықтық ағынының жылдамдығы– шамамен 39 $дм^3$/сағ немесе салқындатушы сұйықтық есептеуішіндегі жасыл ауқым ортасы.

8.11 Қуатты реттеу – компьютері жоқ моделдер үшін 75-тен 100 дейін; компьютері бар моделдер үшін компьютермен белгілейді.

9 Қондырғыны дайындау


9.1 Жылытқыштың сынақ секциясын тазалау және жинақтау

9.1.1 Барлық шөгінділерді кетіру үшін жылытқыштың сынақ секциясындағы ішкі беттерді үш құрауышты еріткішпен жақсы суланған нейлонды щеткамен тазалайды.

9.1.2 В.10 жазылған әдістемеге сәйкес сынақта қолданылатын қыздырғыш түтігін беттік ақаулар мен түзу болуына тексереді. Ағын жағдайында қымтақтықты қамтамасыз ету үшін сынаған кезде түтік иіндері тегіс болатындықтан, түтік иіндерін сызып тастамау үшін, тексеруді ұқыпты өткізеді.

9.1.3 Жаңа тетіктерді қолдана отырып, жылытқыш секциясын жинайды: сырттай тексерілген жылытқыш түтігі, дәлме-дәл сүзгі және үш сақиналы төсем. Оларды байқап, оқшаулағышты бұзылудың болуына тексереді.

13-ЕСКЕРТПЕ Жылытқыш түтігін қайта қолдануға болмайды. Қарапайым сынау жағдайында магний жылытқыш түтігінің беттеріне көшетіндігін және қайта қолданған жағдайда шөгіндінің жабысуын азайта алатындығын көрсетеді.



Белгіленулері: 1 – отынды жіберу; 2 – салқындататын шиналар; 3 - термопара; 4 – сынақ сүзгісі; 5 - отынды шығару; 6 – жылытқыштың сынақ секциясы

1-сурет – Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының барлық моделдеріне ортақ стандарттық жылытқыш секциясы

9.1.4 Түтігі бар жылытқыш секциясын құрастыру уақытында оның ортаңғы бөліктеріне тиіспеу үшін ұқыпты істейді. Жылытқыш түтігінің ортасына тиген жағдайда, ластанған беттер түтікте пайда болатын шөгінді сипаттамасына әсерін тигізетіндіктен түтікті жарамсыздандырады.

9.2 Басқа сынақ құрауыштарын тазалау және құрау

9.2.1 сынақ басталғанға дейін көрсетілген тәртіппен мынадай кезеңдерді орындайды.

14-ЕСКЕРТПЕ Аппаратура алдыңғы сынақтан кейін әзірленгені жорамалданады (А2 немесе сәйкес келетін жинақтау және бөлшектеу бойынша пайдаланушының нұсқауын қарау).

9.2.2 Сыналатын үлгімен байланысатын құрамдас бөліктерді байқап тазалайды, жарамсызданған барлық тығыздауларды немесе күмәнді жағдайда:

1) піспектегі тығыздауды (кескіш тілікте);

2) резервуар қақпағындағы және алдын ала тазаланған сүзгі қақпағындағы барлық бағыттардағы сақиналық төсемдер ауыстырылады.

9.2.3 Жылытқыштың дайындалған секциясын орнатады (9.1.1-9.1.4 қарау).

9.2.4 Жаңа сүзгіш элементпен алдын ала тазалайтын сүзгіні жинап, оны орнатады.

9.2.5 Термопараны оның дұрыс күйіне эталондық нүкте бойынша тексереді, содан кейін жұмыс температурасына келтіреді.

9.2.6 Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының 230 және 240 моделдері үшін суға арналған стақанның бос екендігіне көз жеткізу қажет.

10 Қондырғыны тексеру

10.1 Көрсетілген мерзімділікпен негізгі құрауыштарды тексеруді орындайды.

10.1.1 Термопараны бірінші орнатқаннан мөлшерлейді және содан кейін, әдетте, 30-50 сынақтан кейін, бірақ С.2.6 бойынша әр 6 ай ішінде сирек емес.

10.1.2 Қысым айырмасын өлшейтін құрылғыны жылына бір рет немесе С.2.6 бойынша жаңа элементті орнатқан кезде тексереді.

10.1.3 Ауаландыруға арналған ауа кептіргішті ай сайын тексеріп, ауыстырады, егер оның түсі ауысса, 6.3 бойынша судың едәуір жұтылуын көрсетеді.

10.1.4 Мөлшерлеуіш сорғы

11-бөлімде көрсетілгендей әр сынақ үшін ағын жылдамдығының екі тексеруін өткізеді.

10.1.5 Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының 202, 203 және 215 моделдері үшін сүзгінің айналма құбыр шұрасын Е.6 бойынша жылыстауға жылына бір реттен сирек емес тексереді.

11 Сынақты өткізу

11.1 Отын үлгісін дайындау

11.1.1 Отын үлгісін С.2.9 бойынша стандарттық жұмыс жағдайында сүзіп ауаландырады.

15-ЕСКЕРТПЕ JP5 жәнеJP7 қоспағанда, барлық реактивтік отынды тез жанғыш деп есептейді. Олардың булары денсаулыққа зиян (D.3, D.6 және D.7 қараңыз).

16-ЕСКЕРТПЕ Жұмыс істеу алдында 5.1 тармаққа назар аудару қажет.

17-ЕСКЕРТПЕ Осы әдіс бойынша сынау нәтижелері сынамаларды іріктеуге арналған контейнердегі ластануларға өте сезгіш. Ұсынылатын контейнерлер [1] бойынша.

11.1.2 Ауаландыру уақытында үлгі температурасын15 °С бастап32 °С дейін температурада ұстайды. Температураны өзгерту үшін, қажетті жағдайда, үлгісі бар резервуарды ыстық немесе салқын су моншасына салады.

11.1.3 Ауаландырудың аяқталуы мен үлгіні қыздырудың басы арасындағы уақыт аралығы 1 сағаттан артық болмауға тиіс.

11.2 Толық құрастыру

11.2.1 Резервуар секциясын жинайды (пайдаланушыға арналған нұсқаулыққа қараңыз).

11.2.2 Резервуарды орнатып қолданылатын термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының моделі бойынша сызықтарды қосады. (пайдаланушыға арналған нұсқаулыққа қараңыз).

11.2.3 Қорғаныш қалпақшасын алып, шығатын тесікті жылытқыш секциясына қосады. Отын шығынын азайту үшін бұл операцияны тез өткізеді.

11.2.4 Қымтақтығына кепілдік беру үшін барлық сызықтарды тексереді.

11.2.5 Термопара күйін қайта тексереді. Ол 39 мм деңгейінде орналасуға тиіс.

11.2.6 Конденсатты тор қабылдағышта бос болатындығына көз жеткізеді (термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының 230 және 240 моделдері үшін ғана).

11.3 Қоректенуді қосу және қысымды қамтамасыз ету

11.3.1 Тумблерді«қоректену» «POWER» «қосылды» бағытына«ON» қосады.

11.3.2 «ΔP» дабыл сигнализациясының құрылғысын осы сигнализацияны қолмен қосумен қосады (термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының 202, 203 және 215 моделдері).

11.3.3 Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының моделдері үшін пайдаланушыға арналған нұсқаулықта көрсетілгендей, шамамен 3,45 МПа дейін жүйе қысымын баяу артады (С.2.5 қарау).

11.3.4 Қымтақтығына жүйені тексереді. Қажетті жағдайда, сәйкес қымтақтық қамтамасыз етілмеген бөліктерде жылыстау болатын, қосқыш бөліктерді созу үшін жүйе қысымын түсіреді.

11.3.5 Реттеуіштерді стандарттық жұмыс шарттарына сәйкес белгілейді.

11.3.6 Жылытқыш түтігін қыздырып, отынға арналған спецификация талаптарына сәйкес сынақ температурасын қамтамасыз ете отырып, оның температурасын термопарамен бақылайды. Термопара көрсеткіштеріне соңғы тексеру кезінде алынған түзетуді қолданады (С.2.8).

18-ЕСКЕРТПЕ Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысында сынауды 350 °С тең түтіктің ең жоғары температурасына дейін өткізуге болады. Сынақ өткізуге тиісті температура және нәтижелер дұрыстығының критерийлері, әдетте, отынға арналған спецификацияда болады.

11.4 Іске қосу

11.4.1 Әр модель үшін пайдаланушыға арналған сәйкес келетін нұсқаулықта сипатталған процедураны қолданады.

11.4.2 Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының кейбір моделдері жеке кезеңдерді автоматты орындай алады, бірақ:

11.4.2.1 Ауаландыруды бастағаннан бастап қыздыруды бастағанға дейін 1 сағаттан артық емес өтті.

11.4.2.2 Жылытқыштың түтігінің температурасы сынақ және отын деңгейіне жеткенде, және осылайша сынақ сүзгісі арқылы аға бастағанда манометрдің айналма құбыр шұрасы жабылады (С.2.6 қараңыз).

11.4.2.3 Манометрдің нөлге белгіленгендігіне көз жеткізу қажет (С.2.6 қараңыз).

11.4.3 Уақыт аралығының хронометраж көмегімен стандарттық жұмыс бойынша отын ағынының жылдамдығын немесе сынақтың бастапқы15 минут ішінде тамшылап беру жылдамдығын есептеуді тексереді (Е.5 қараңыз).

19-ЕСКЕРТПЕ Тамшының түсу жылдамдығын есептеген кезде бірінші тамшыны нөлдік деп есептейді және уақыт есебін бастайды. 20-шы тамшы түскен кезде жалпы уақытты белгілейді.

11.5 Сынау

11.5.1 Сынау уақытында әр 30 минут сайын (сирек емес) дәлме-дәл сүзгіде қысым айырмасын тіркейді.

11.5.2 Егер сүзгіде қысым айырмасы тез ұлғая бастаса, ал толық сынау (150 мин) қажет болса, барлық моделдер үшін ортақ айналмалы құбыр шұрасы ашық болуға тиіс.

Айналмалы құбыр жүйесінің жұмысының толық мәліметтері пайдаланушыға арналған сәйкес келетін нұсқауда келтірілген (С.2.2 қараңыз).

11.5.3 Ажыратар алдында соңғы15 мин ішінде ағынды тағы тексеруді өткізеді. (11.4.3 және Е.5 қараңыз).

11.6 Жылытқыш түтігінің температуралық профилі

Егер жылытқыш түтігінің температуралық профилі қажет болса, онда оны Е.4 сәйкес анықтайды.

11.7 Ажырату

11.7.1 Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысынының тек 202, 203 және 215 моделдері үшін ғана:

11.7.1.1 Сәйкес келетін тумблерді«OFF» (ажыратылды) күйіне белгілеп, «HEATER» ажыратқышын, сосын«PUMP» сорғысын ажыратады.

11.7.1.2 «NITROGEN PRESSURE VALVE» азотты беретін клапанды жабады және «MANUAL BYPASS VALVE» қолмен жасалатын айналма құбыр шұрасын ашады.

11.7.1.3 Шамамен 0,15 МПа/с жылдамдықпен жүйенің қысымын азайтуды қамтамасыз ету болған жағдайда, «NITROGEN BLEED VALVE» азотты түсіретін клапанды баяу ашады.

11.7.2 Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысынының 230 және 240 моделдері автоматты түрде сөндіріледі.

11.7.2.1 «FLOW SELECTOR VALVE» ағынының іріктеуіш шұрасын ажыратқаннан кейін қысымды түсіру үшін«VENT» (желдету) күйіне бұрайды.

11.7.2.2 Піспек жетегі автоматты түрде ажыратылады.

11.7.2.3 Тұзақты қабылдағыштағы конденсат мөлшерін өлшейді, содан кейін оны бос қалдырады.

11.8 Бөлшектеу

11.8.1 Жылытқыш секциясына отынды кіргізу жолын ағытады және резервуардан отынның ағуын болдырмау үшін кіріс тесігін қалпақшамен жабады.

11.8.2 Жылытқыш секциясын ажыратады.

11.8.2.1 Жылытқыш түтігін түтіктің ортаңғы бөлігіне тигізбей жылытқыш секциясынан мұқият ажыратады және дәлме-дәл сүзгіні алып тастайды.

11.8.2.2 Түтікті 6.2 бойынша үстінен астына дейін, оны ұстаған бөлікті қоса алғанда еріткішпен жуады. Кептіріп, түтікті бастапқы контейнерге қайтарады, сәйкестендірілген нөмірмен таңбалайды және бағалау үшін сақтайды.

11.8.3 Резервуарды ажыратады.

11.8.3.1 Сынақ уақытында тартылған, жұмсалған сұйықтық мөлшерін өлшейді. Егер бұл мөлшер 405 $см^3$ кем болса, сынақты жарамсыздандырады.

11.8.3.2 Қолданылған отынды пайдаға асырады.

12 Жылытқыш түтігін бағалау

12.1 Жылытқыштың түтігінде шөгуді В қосымшасына сәйкес сырттай байқаумен бағалайды.

12.2 Түтікті бастапқы контейнерге қайтарады, деректерді тіркейді, сырттай байқаумен қайта бағалау үшін түтікті сақтайды.

13 Сынау хаттамасы

13.1 Есепке мынадай деректер кіреді:

13.1.1 Жылытқыш түтігінің бақылау температурасынан, яғни отын температурасынан.

13.1.2 Жылытқыш түтігінде шөгінділерді бағалау.

13.1.3 25 мм сынап бағанасына тең қысым айырмасына қол жеткізу үшін қажетті сынақ немесе уақыт ішінде дәлме-дәл сүзгідегі ең жоғары қысым айырмасы. Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысынының 202, 203 моделдері үшін сынау ішінде алынған ең жоғары тіркелген қысым айырмасын ΔР жазады.

13.1.4 Егер қарапайым уақытта 150 мин сынаққа шыдамаса, мысалы, егер сынақ қысым айырмасына байланысты ақаулықтардан тоқтаса, жылытқыш түтігіндегі шөгіндіні бағалауға сәйкес келетін сынақ уақытын белгілейді.

20-ЕСКЕРТПЕ Түтікті бағалау немесе ΔР критерийлері, немесе екі факторды да берілген температурада отын үлгісі сынақтан «өтеді» немесе «өтпейді» анықтау үшін қолданады.

13.1.5 Қарапайым сынақ соңындағы өңделген отын. Бұл– балқымалы піспекте тұратын сұйықтық мөлшері немесе Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысынының моделіне байланысты суды шығарғаннан кейін стақандағы жалпы сұйықтық мөлшері.

13.1.6 Жылытқыш түтігінің сериялық нөмірін жазуға болады.

14 Дәлме-дәлдік және ауытқу

14.1 Термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау әдісімен зертхана аралық сынау 11 зертханада термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысының екі моделінің 13 қондырғысында екі температура кезінде бес отында барлығы 10 үлгіде өткізілді. Әр үлгі бойынша әр зертхана екі нәтиже алды.

14.2 Дәлме-дәлдік

Осы сынақ әдісі бойынша нәтижелерді стандарттық статистикалық әдістердің көмегімен жоюға болмайтындығы анықталғандықтан, осы әдістің дәлме-дәлдігін белгілеуге болмайды.

14.3 Ауытқу

Реактивті отынның термиялық тотықтырғыш тұрақтылығын сынау нәтижелерін осы әдіспен ғана анықтайтындықтан, әдістің ауытқуын бағалау мүмкін емес.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Қытай Халық Республикасының GB/T 9169-2010 сілтемелік стандарты мен ASTM D 3241-08a шетелдік стандарт арасындағы құрылымдық айырмашылықтары

GB/T 9169-2010 мазмұны	ASTM D 3241-08a мазмұны
1	1.1
-	1.2
ескерту	1.3
3.1 – 3.2	3.1.1 – 3.1.2
3.3 – 3.5	A1.3.1 – A1.3.3
3.6	3.2
4	4.1.4.1.1
-	5
5.1	6.1.6.1.1 – 6.1.2
5.2	6.2.6.2.1
5.3	6.3
6.1	7.1
6.2	7.2.7.2.1
6.3	7.3
7	-
-	8.1
8.1 – 8.11	8.1.1 – 8.1.11
10	10.1
10.1 – 10.2	10.1.1 – 10.1.5
-	14.1.1
А қосымшасы	-
В қосымшасы	А1 қосымшасы
В.1	А1.1
В.1.1 – В.1.2	А1.1.1 – А1.1.2
В.1.3	А1.5
В.1.2	А1.4
В.3 – В.4	А1.6 – А1.7
В.5	А1.2
В.6 – В.11	А1.8 – А1.13
С қосымшасы	А2
С.1	А2.1, А2.1.1
С.2.2, С.2.2.1	А2.2.2
С.2.2.2 – С.2.2.3	А2.2.2.1 – А2.2.2.2
С.2.2.3.1 – С.2.2.3.5	А2.2.2.2 (1) - (5)
С.2.2.4	А2.2.2.3
С.2.5	А2.2.5.1
С.2.6, С.2.6.1	А2.2.6
С.2.6.2 – С.2.6.4	А2.2.6.1 – А2.2.6.3
С.2.8, С.2.8.1	А2.2.8
С.2.8.2 – С.2.8.3	А2.2.8.1 – А2.2.8.2

Қытай Халық Республикасының GB/T 9169-2010 сілтемелік стандарты мен ASTM D 3241-08a шетелдік стандарт арасындағы құрылымдық айырмашылықтары - *(жалғасы)*

GB/T 9169-2010 мазмұны	ASTM D 3241-08a мазмұны
D қосымшасы	A3 қосымшасы
E қосымшасы	X1 қосымшасы
E.4	X1.4.1
E.5.2.1 – E.5.2.3	X1.5.2.1 – X1.5.2.3
E.8	X1.8.1
F қосымшасы	X2 қосымшасы
F.1	X2.1.1
-	X2.1.1.1
F.2	X2.2.1

В қосымшасы
(міндетті)

Термототықтындыратын тұрақтылыққа сынау қондырғысы жылытқышының сынақ түтігін сырттай байқаумен бағалау әдісі

В.1. Мәні және қолданылуы

В.1.1 Осы әдіс осы стандарт бойынша, термототықтындыратын тұрақтылық әдісі, жылытқыш түтігін сырттай бағалау процедурасын белгілейді.

В.1.2 Осы сынау әдісінің шешуші нәтижесі осы әдіс үшін белгіленген меже негізінде түтік шөгіндісіндегі түсті плюс ең үлкен атық шөгіндінің немесе өзгеше шөгіндінің немесе екеуінің де болуын көрсететін, «ия/жоқ» екі қосымша критерийді бағалау болып табылады.

В.1.3 Жылытқыш түтікті ақырғы бағалау отынның ыдырауынан кейін түзілген түтіктің қабаттану қалпын анықтайды деген тұжырымдама бар.

Осының негізінде отын сынамасының термототықтындыратын тұрақтылығы туралы тұжырымдама жасалады.

В.2 Әдістің мәні

Осы сынау әдісінде жылытқыш түтігін байқау үшін арнайы құрастырылған жарық камерасын қолданады. Арнайы ұстағыш көмегімен түтік камерада бекітіледі. Жаңа түтік беттерінің біркелкілігін камераның тиімді жарық жағдайында бағалайды. Түтіктегі шөгінді түсін жарық беру және ұлғайту кезінде түтікпен бірден тиімді жағдайда салынатын, колориметрлік стандарттың тілімшесімен салыстыру жолымен бағалайды.

В.3 Қондырғы

Жылытқыш түтігіндегі шөгінді түсі тубератор және АСТМ колориметрлік стандартының көмегімен бағаланады.

В.4 Сынаққа арналған үлгілер (сыналатын үлгілер)

Жылытқыш түтігімен, оның ортаңғы бөлігіне тимей мұқият жұмыс істеу қажет.

1-ЕСКЕРТПЕ Сыналатын түтіктің ортасына тиген жағдайда, бастапқы күйде бағалануға тиісті оның беттерін ластайды немесе шөгінді беттерін бұзады немесе екеуі де болады.

В.5 АСТМ стандарты

АСТМ калориметрлік эталоны қабаттану түсін бағалау үшін пайдаланылады.

В.6 Стандарттық жұмыс жағдайы

В.6.1 Жарық камерасының ішкі жағы– қара түссіз.

В.6.2 Жарық көзі– шағылдырғыш типіндегі 30 Вт үш қызу шамы. Барлық шамдар ұтымды байқау жағдайын қамтамасыз ете отырып, жұмыс істеуге тиіс.

В.6.3 Екі шам астында, біреуі- үстінде орналасқан, әр шам түтікті ұстағышқа және колориметрлік стандартқа бағытталған.

В.6.4 Байқау терезесін қамту аймағының екі есе ұлғаюы.

В.6.5 Бағалаушылар– түсті бағалай алатын(яғни, олар оны жақсы айыра білуге тиіс) тұлғалар.

В.7 Тексеру және нормалау

В.7.1 Осы сынақ жабдығы үшін нормалау қажет емес. Колориметрлік стандарт өзгеретіндігі және оны қараңғы жерде сақтау керектігі белгілі.

2-ЕСКЕРТПЕ Колориметрлік стандарттың қызмет мерзімі белгіленбеген және стандарт тұрақты немесе мерзімді жарық әсеріне түсетіндігіне байланысты. Онымен жиі қолданылатын стандартты мерзімді салыстыру үшін қараңғыда жеке стандартта мақсатқа сай сақтайды. Салыстыру уақытында тиімді жағдай түтікті бағалау үшін жарық камерасының жағдайы болып табылады.

В.7.2 Техникалық қабылдау бағаларын нормалау

В.7.2.1 Жылытқыш түтігіндегі шөгіндіні бағалау кезінде шөгінді ауданының орташа түсін емес, ең қараңғы бір түсті шөгіндіні бағалайды.

В.7.2.2 Шөгіндіні бағалаған кезде түтік диаметрінің жартысына тең өлшем шеңберіне қарағанда тең немесе артық ауданды жабатын ең қараңғы тұтас түсі бар бөлікті қарастырады.

В.7.2.3 Осы жолақтың ұзындығын назарға алмай, түтік диаметрінің ширегінен кем ені бойынша шөгінді жолағын елемейді.

В.7.2.4 Түтіктегі дақты, жолақты немесе сызатты, оларды түтік ақауы ретінде қарастырып жояды. Жарамсыздықты болдырмау үшін, қолданар алдында түтікті байқайтындықтан, әдетте, олар болмайды.

В.8 Алдын ала бағалау

В.8.1 Зертхананы жарықтандырған кезде түтікті ұлғайтпай қарайды. Егер ақау көрінсе, онда түтікті жарамсыздандырады. Содан кейін түтікті (тубераторды) сырттай бағалау үшін құрылғы көмегімен төменгі иіннен жоғары 5 және 55 мм арасында түтік ортасын (өте жұқа бөлік) қарастырады. Егер ақау байқалса, оның өлшемін белгілейді. Егер ол 2,5 мм^2 артық болса, түтікті жарамсыздандырады. В.1-суретінде 2,5 мм^2 балама, ақаулы ауданның бейнесі келтірілген.



2,5 мм^2 аудан үлгілері, квадрат, дақ, ені 0,8 мм жолақ

В.1-сурет - Ақаулы аудандар

В.8.2 Жазық беттермен домалатып және жазық беттер мен орталық секция арасындағы саңылауды белгілей отырып, түтіктің түзулігін зерттейді. Кез келген майысқан түтікті жарамсыздандырады.

В.9 Сынақты өткізу

В.9.1 Жылытқыш түтігін орнату

В.9.1.1 Түтіктің жоғары ұшын жылытқыш түтігін ұстағыш қысқашында бекітеді.

В.9.1.2 Жылытқыш түтігін тірелгенге дейін ұстағышқа жылжытады.

В.9.1.3 Бағыттаушы сырық бойынша қыздырғыш түтігі бар ұстағышты шөгіндіні сырттай бағалайтын құрылғыға жылжытады.

В.9.1.4 Ұстағышты айналдыра отырып, жылытқыштың түтігін ең қараңғы шөгіндіден екінші жағы көрінетіндей орналастырады.

В.9.1.5 Түстік эталон түтіктегі шөгіндіні сырттай бағалау үшін құрылғыға қояды.

В.9.2 Бағалау

В.9.2.1 Жылытқыш түтігіндегі ең қараңғы шөгінді түсін түстік эталонмен 5 мм және 55 мм арасында төменгі иіннен жоғары салыстырады. Егер оның ауданы 2,5 мм^2 артық және жолақ немесе дақ ені 0,8 мм артық болған жағдайда, шөгіндіні бағалайды. В.1-суретінде ауданы 2,5 мм^2 тең дақ немесе жолақ суреті келтірілген.

В.9.2.2 Егер ең қараңғы шөгіндінің түсі түстік эталонға сәйкес келсе, онда оның нөмірін жазу қажет.

В.9.2.3 Егер жылытқыш түтігіндегі ең қараңғы бағаланатын шөгінді түсі кез келген аралас түстік эталон арасында анық өтпелі жағдайда тұрса, бағалауды аса қара стандартқа қарағанда кіші нөмірмен жазу қажет(яғни, аса жоғары санмен).

В.9.2.4 Егер жылытқыш түтігіндегі түс түстік эталон түсіне сәйкес келмеген жағдайда, бағалаудың мынадай ережелерін қолданады. Стандарттық терминдерді қолданады:

В.9.2.4.1 егер шөгінді«құбылмалы» түске ие болса, оны Р коды ретінде бағалайды, сондай-ақ қалыпты түсі болатын кез келген шөгіндіні бағалайды, немесе

В.9.2.4.2 егер шөгінді өзгеше аномаль түске ие болса, оның түсін А коды ретінде бағалайды, сондай-ақ қалыпты түсі болатын кез келген шөгіндіні бағалайды.

В.9.3 Бағаланған жылытқыш түтігін алып тастап, оны бастапқы контейнерге қайтарады.

В.10 Нәтижелерді жазу

В.10.1 Жылытқыш түтігінің сандық бағалауын қажетті жағдайда қосымша сипаттаумен плюс А немесе Р немесе екеуін де жазады.

В.10.1.1 Толық бағалауды жазған кезде ең жоғары бағаны жазады, бірақ егер түстік эталонмен келіспейтін түтер болса, онда оларды да жазады.

В.10.1.2 Егер тек қана Р немесе А коды немесе екеуінің де шөгінділері болса, тек оларды ғана жазады және сандық класын бағалауға тырыспайды.

В.10.2 Мысалдар:

В.10.2.1 Жылытқыш түтігінің басқа түстер жоқ түстік эталонның 2 және 3 кодтары арасына түсетін ең жоғары шөгіндісі болады.

В.10.2.2 Түтіктегі ең қараңғы шөгінді 3 кодқа сәйкес келеді, бірақ «құбылмалы» шөгінді де болады. Түтіктің толық бағалауын «3Р» ретінде жазады.

В.10.2.3 Жылытқыш түтігінің түстік эталонның 1 кодына сәйкес келетін шөгіндісі болады, бірақ аномаль шөгіндісі де болады. Түтікті толық бағалауды «1А» ретінде жазады.

В.11 Дәлме-дәлдік және ауытқу

В.12.1 Дәлме-дәлдік

Түтіктегі шөгіндіні бағалаудың осы өлшеу әдісінің дәлме-дәлдігі анықтау процесінде тұр.

В.12.2 Ауытқу

Түтіктегі шөгіндіні бағалау мәні осы әдіс бойынша ғана анықталатындықтан, онда түтіктегі шөгіндіні бағалау процедурасындағы ауытқуды анықтау мүмкін болмайды.

С қосымшасы
(міндетті)

Термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау қондырғысы

С.1 Сынау қондырғысы

Осы қосымшада сипатталған термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау қондырғысы авиациялық турбиналық отынның термо тотықтырғыш тұрақтылығын анықтау қондырғысы болып табылады. Төменде сипаттамасы берілген термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау қондырғысының моделі бар. Барлық модельдер метал сынақ түтігі және дәлме-дәл сүзгі бойынша сынақ жүйесі арқылы бір рет отын үлгісін беретін құрылғымен жабдықталған. Сынамалық үлгінің температурасын, жүйедегі қысымды және сүзгіде қысым айырмасын бақылайтын және өлшейтін құралдар бар, ал бақылау және өлшеу әдістері термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау қондырғысының әр моделімен ауысады.

Үлгіні беру механизмі айдағыш тегершікті сорғы немесе піспекті сорғыдан тұрады.

С.2 Сынау

С.2.1 Жалпы сипаты

Осы аппаратта үлгіні ауамен қанықтыра отырып, сүзетін және сосын ауаландыратын реактивті отынның тіркелген көлемін қолданады. Сынау уақытында салыстырмалы жоғары температураны, әдетте, 260 °С ұстай отырып, қыздырылған алюминий түтіктен алыс тұрақты жылдамдықпен отынды береді, алайда ол кейбір спецификацияларда жоғары бола алады.


Оттегіні ауаландыру арқылы қаныққан отын анық үлдір түрінде шөгіндіні түзе отырып, жылытқыштың ыстық түтігінде ыдырауы мүмкін. Бұдан басқа, ыдыраған өнімдер отын ағынымен кетеді және дәлме-дәл сүзгімен ұсталады. Отынның тотыққан тұрақтылығын анықтау үшін дәлме-дәл сүзгіде қысым айырмасының ұлғаюын да жылытқыш түтігінің түпкілікті бағалауын да қолданады.

С.2.2 Отын жүйесі

С.2.2.1 Бастапқы сатыдағы жаңадан сүзілген және ауаландырған отында резервуарға салады, сосын өңделген үлгіге арналған қабылдағыштағы қондырғы арқылы бір рет сорады. Үлгіні ауыстыру үшін 3,0 $см^3$/мин ағын жылдамдығын ұстайтын және сүзгінің бастапқы бітелуінен ағынға кез келген әсерін жеңетін піспекті сорғыны қолданады. 10% ағын жылдамдығының ауытқуына жол беріледі. Егер сүзгінің бітелуі шын болса, онда сынақты аяқтау үшін дәлме-дәл сүзгінің алдында орналасқан айналмалы құбыр шұрасын ашуға болады. Содан кейін жылытқыш түтігіндегі кез келген шөгіндіні аяқталған сынақ негізінде бағалауға болады.


С.2.2.2 Сынақ жүйесінің негізгісі түтікшелі жылу алмастырғыш немесе жоғарғы жағы отын ағынына бағытталған, жылытқыштың сынақ түтігінде тұрған сынақ секциясы болып табылады. С.1 суретінде көрсетілгендей, жылытқыштың сынақ секциясында жылытқыш түтігінің ортасы болу маңызды.

Бұл түйін жаңғыртылған нәтижелерді алуда термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау аппаратының барлық моделдері үшін ортақ және шешуші болып табылады.



1 - жылытқыш түтігі; 2 - жылытқыш түтігінің қабығы; 3 - ағызатын тесік ортасындағы жылытқыш түтіктің иіні

С.1 суреті – Жылытқыш түтігінің орналасуы



С.2 суреті – Жылытқыш түтігі сынақ секциясының құрама сызбасы

С.2.2.3 Отын жүйесіне қатысты назар аударатын басқа кезеңдер де бар:

С.2.2.3.1 жылытқыштың сынақ секциясына түсердің алдында дереу резервуардан шыққанда жаңа отынды 0,45 мкм пор өлшемінен қағаз жарғақ сүзгі үстінен сүзеді;

С.2.2.3.2 жылытқыш түтігін эластомерден жасалған сақиналы төсемдермен жылытқыштың сынақ секциясында тығыздайды (С.2 суреті);

С.2.2.3.3 тот баспайтын болаттан жасалған кеуектілігі17 мкм дәлме-дәл сүзгі. Егер осы сүзгі қысым айырмасының артуын тудырса, онда операторға ескертетін дыбыстық сигнал беріледі (әдетте, 125 мм сынап бағанасы қысымында.). Бұдан кейін, қажетті жағдайда, сүзгіні қоршауды орындайды;

С.2.2.3.4 термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау қондырғысының 202, 203 және 215 моделдерін жаңадан жасалған отынды (түбінде) және өңделген отынды (үстінде) бөлу үшін балқитын қақпақпен бір отын резервуарын қолданады. 230 және 240 модельдерінде 2 резервуар қолданылады: біреуі – жаңадан жасалған отын үшін, екіншісі-өңделген отын үшін;

С.2.2.3.5 отын ағынымен барлық модельдерде отын тамшысын сырттай есептеп басқаруға болады. Термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау қондырғысының 230 және 240 модельдері ағынды өте дәл өлшеу болып саналатын уақытқа байланысты ағын көлемін өлшеуге рұқсат береді.

С.2.2.4 Термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау аппаратының негізгі үш конфигурациялары үшін отын ағыны сызбасы С.3-суретінде берілген.

С.2.3 Қыздыру жүйесі/температуралық бақылау

С.2.3.1 Жылытқыштың алюминий түтігі төмендететін трансформатордан түсетін үлкен күштегі электр токпен қыздырылады.

Жылытқыш түтігі температурасы салыстырмалы аз артатын, сумен салқындатылатын, салыстырмалы ауыр ток өткізгіш шинада қысылады.

С.2.3.2 Термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау аппаратының барлық модельдерінде температураны реттеуіш индикатор немесе бақылаушы ретінде қызмет етеді. Автоматты режимде бақылаушы, қажетті жағдайда, берілген температура мәнін ұстау үшін қуатты ауыстыра отырып, сынау уақытында тұрақты қызу температурасын қамтамасыз етеді. Қолмен жасалатын режимде бақылаушы температура индикациясын ғана қамтамасыз етеді. Сынақтың температуралық жұмыс ауқымы– қоршаған орта температурасынан 350 °С дейін.

С.2.3.3 Температуралық бақылауда термопара және оның күйі шешуші фактор болып табылады. Термопараның өзі қажетті дәлдікті қамтамасыз ету үшін салыстырылып тексерілуге тиіс. Термопара ұштарының орналасуы температура көрсеткіші автоматы бақылау уақытында жылытқыш түтігінің ең ыстық бөлігіне сәйкес келетіндей мұқият анықталуға тиіс. Қарапайым механикалық орнатушы жүйе термопараның жеңіл және дәл орналасуын қамтамасыз етеді.

С.2.3.4 С.4 суретінде негізгі қыздыру жүйесінің сызбасы берілген.

С.2.4 Салқындату жүйесі

Термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау аппаратының қарапайым жұмыс кезінде жылытқыштың ыстық түтігінен ток өткізгіш шинаға түсетін жылуды алып тастау үшін салқындату қажет. Салқындататын суды әр шинамен айналдырады, бұл ретте су құбырындағы суды қолданады (термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау аппаратының 202, 203 және 215 модельдері). Термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау аппаратының 230 және 240 модельдерін ішкі айналымы бар жүйеде және салқындататын сұйықтықты радиаторда қолданады. Мұндай жүйе үшін жалғыз сақтық шарасы олардың жұмыс істеуіне көз жеткізу үшін оларды қадағалау болуға тиіс, бұл ретте

соңында жүйені толығымен ластайтын құрамында қоспалар немесе тұзы бар хладагенттерді қолданудан аулақ болу қажет.

С.2.5 Қысымның артуы

Термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау қондырғысында қарапайым сынақ температурасы кезінде, әдетте, реактивті отын жылытқыш түтігі температурасында қайнайды. Бұл нақты температуралық бақылауды қиындатады және табиғи шөгіндінің қалыптасуына кедергі жасайды. Сол себепті жүйе шамамен 3,45 МПа (500 фунт/кв.дюйм) жиынтық қысыммен жұмыс істеуге тиіс. Бұл қысым деңгейі әр модельде немесе азоттың көмегімен (термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау аппаратының 202, 203 және 215 модельдері) немесе гидравликалық піспекті сорғымен ұсталады.

Манометрді немесе бергішті барлық жүйе қысымын өлшеу немесе жүргізу үшін қолданады. Гидравликалық қысымдағы жүйе сынау уақытында тұрақты ағынмен сұйықтық өтетін сақтандырғыш клапаны болғанда, газ қысымындағы жүйенің жабық пайдаланылуы спецификация болып табылады. Сақтандырғыш клапанның жұмысын бақылау үшін кез келген отында өңделген отын түбінен суды ысырып шығарып сақтандырғыш клапан арқылы жоғары бөлікке түсетін ығыстырғыш ұяшықты пайдаланады. Клапан суға сезгіш және сенімді жұмыс істейді.

С.2.6 Қысым айырмасын өлшеу

С.2.6.1 Сынау уақытында отынның ыдыраған өнімдері сүзгімен ұсталатындықтан, термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау қондырғысында дәлме-дәл сүзгіде қысым айырмасын өлшеу үшін (ΔР) екі құрастырылым аспабын қолданады. Термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау қондырғысының 202 және 203 модельдері (1984 ж. дейін шығарылған) таспалы тіркейтін ΔР құрылғысы бар сынапты манометрмен жабдықталған.

Термототықтындыратын тұрақтылықты анықтау қондырғысының 215, 230 және 240 модельдерін электрондық бергіш ΔР қолданады. Отын жүйесіне осы екі құрастырылым аспабын қосу нақтылығы сызбада келтірілген (С.3 суретін қарау).

С.2.6.2 Қысым айырмасын өлшейтін осы құрылғыны қолдану екі арнайы шараны қажет етеді: айналмалы құбырды қолдану және ауаны кетіру. Біріншісі отын ағынына қажет болған жағдайда үнемі сүзгіден айналып өтуге мүмкіндік береді. Екіншісін, уақыт өте келе ұяшық камерасымен ұсталатын ауаны немесе азотты кетіру үшін қолданады.

Манометр көрсеткішін сынап бағанасының биіктігі ретінде санайды. Бергіш нәтижесі сандық бейнеде экранда көрінуге тиіс.

С.2.6.3 Табиғатынан манометр жүйесі сынаптың үстінде қарапайым ауаның орнына отынның болуына байланысты ауытқудан тұрады. Бұл сынап бағанасының биіктігімен өрнектелген қысым мәнін ауыстырады, осылайша нәтиже, шынайы мәннен 6 % жоғары. Бергіште осы қате болмайды, сол себепті бірдей көрсеткішті манометрден және бергіштен алып тастау үшін бергіш көрсеткішіне 6 % ауытқуды қосады, осылайша, манометрдегі сияқты мәнді алады.

С.2.6.4 Пайдалану кезінде ΔР өлшейтін, қолданылатын құрылғы сынақтың басында іс жүзінде қолданыстағы ағын жағдайында нөлде болуға тиіс, себебі отын аққан кезде жүйеде қысымның шағын құлауы болады.

Сынақтың басында бергішті немесе манометрді нөлге орнату ағын әсерін қайтарады.

С.2.7 Қысым айырмасын ΔР өлшеудің дұрыстығын тексеру

ΔР өлшеу дәлдігін ΔР өлшеуге арналған элементтің әр жағында толығымен белгілі сұйықтық бағанымен жасалатын қысым көрсеткішін техникалық қабылдау көмегімен тексеруге болады.

Бұл қабылдаудың толық сипаты термототықтындыратын тұрақтылықты анықтауға арналған нақты аппарат моделін пайдалану бойынша әр нұсқаулыққа жеке бөлік болып қосылды. Бұл операция шынында АР өлшеу үшін элемент жұмысын тексеру болып табылады және элементті тексеру шынайылығы болып табылады.

Тексеру элементті дайындаушымен орындалуға тиіс, егер бұл әрекет нормалау нәтижесі негізінде болжамданса орындалуға тиіс.


С.2.8 Термопараны тексеру

